ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРОРЫ

ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ПРОКУРОР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000,Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

03.06.2024 № 2-01-24-44208

03.05.2024ж. ДЗ-194

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А.Т.Құспанға

Құрметті Абзал Темірғалиұлы!

Бас прокуратура Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының су басқан аумақтарында жер учаскелерін бөлудің заңдылығына прокурорлық тексеруді ұйымдастыру, сондай-ақ кінәлі лауазымды адамдарды жауапқа тарту туралы Сіздің депутаттық салауыңызды қарады.

Орал қаласының «Самал» ш/а, «Нұрлы Жол» бау - бақша серіктестігі (бұдан әрі – БС) **және «Венера» БС жерлеріне қатысты**

Қаланың бас жоспарына сәйкес «Самал» ш/а тұрғын үй және саяжай құрылысы аймақтарына жатады, онда тиісінше тұрғын және саяжай үйлерін салуға жол беріледі.

Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдар осы ауданда жер учаскелерін беруден бас тартуға құқығы жоқ.

Расында да 2011 жылы көктемгі су тасқыны салдарынан аумақты, оның ішінде 221 тұрғын үй мен саяжайды су басқан.

Залалды өтеу жөніндегі шаралар шеңберінде су басқан үйлердің тұрғындары бұрынғы жер учаскелерін (құрылыстар орналасқан) мемлекет меншігіне беру шартымен жаңа тұрғын үймен қамтамасыз етілді (бұл ретте, заңнамада мұндай жағдайларда жерді мәжбүрлеп алып қою тәртібі көзделмеген, мұндай мәселелер азаматтармен келісім бойынша жеке шешіледі). Алайда осы уақытқа дейін бұл шартты барлығы орындаған жоқ, осыған байланысты әкімдіктің талап арыздары бойынша 27 учаскеге меншік құқығы сот тәртібімен тоқтатылды.

Орал қаласының прокуратурасы жерді қайтару бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін қала әкімдігіне ұсыну енгізді (қаралуда).

«Нұрлы Жол» БС жер учаскелері Орал қаласы мен Теректі ауданының Подстепное аулының әкімдіктерімен 2015-2018 ж. берілген.

Бау-бақша өсіру және саяжай құрылысын жүргізу үшін жалпы ауданы 43 га барлығы 897 жер учаскесі берілген (бүгін күні аумаққа ішінара үйлер салынған).

Жерді берудің заңдылығын бұрын прокуратура зерделеген, нәтижесінде Жер кодексінің 126-бабын бұза отырып, учаскелер рекреациялық аймақта (халықтың демалысы мен туризмін ұйымдастыруға арналған) бөлінгені анықталды.

Осыған байланысты материалдарды облыс прокуратурасы Қылмыстық-процестік кодекс тәртібімен процестік шешім қабылдау үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаментіне (бұдан әрі-СЖҚАД) жолдады.

Сонымен қатар облыс прокуратурасы Орал қаласы әкімдігіне заңдылықты жою туралы ұсыну енгізді.

«Венера» БС бойынша 2014-2017 ж. оның аумағында әкімдік бау-бақша өсіру және саяжай құрылысын жүргізу үшін 712 учаске бергені анықталды (БҚО прокуратурасының ақпараты бойынша бұл аумақты су басқан жоқ).

Бұл ретте, жердің бір бөлігі – тұрғын аймақта, енді бір бөлігі – жоғарыда аталған негіздер бойынша саяжай үйлерін салуға тыйым салынған рекреациялық аймақта орналасқан.

Осыған байланысты бұзушылықпен берілген жерлерге түгендеу жүргізілуде.

Бүгінгі таңда Орал қаласының прокуратурасы әкімдіктің 43 қаулысының күшін жою туралы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотқа талап арыз енгізді (игерілмеген учаскелерге).

Түгендеу аяқталғаннан кейін басқа учаскелер бойынша мәселе шешілетін болады.

Сондай-ақ бұл мәселе бұрын БҚО бойынша Жер ресурстарын басқару департаменті (бұдан әрі – Департамент) тарапынан тексерудің нысанасы болғанын және оның негізінде 20 учаскені беру заңсыз деп танылғанын атап өтеміз.

Анықтама ретінде: 2023 жылы Департамент 20 жер учаскесін беру туралы Орал қаласы әкімдігінің 20.02.2015 ж. №605 қаулысын жарамсыз деп тану туралы сотқа талап арыз берді, өйткені бөлінген учаскелер рекреациялық мақсаттағы жерлерге жатады (халықтың жаппай демалысы мен туризмін ұйымдастыруға арналған).

МАЭС-тің 27.01.2023 ж. шешімімен Департаменттің талап қою шарттарын қанағаттандырудан талап қою мерзімінің өтіп кетуіне байланысты бас тартылды (қаулы шығарылғаннан бері 3 жылдан астам уақыт өткен).

Батыс Қазақстан облыстық сотының 19.04.2023 ж. қаулысымен МАЭС шешімі өзгеріссіз қалды.

Жоғарғы Соттың 01.12.2023 ж. қаулысымен Департаменттің Сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхатына адал жер пайдаланушылардың (20 азаматтың) құқықтарын бұзу себебінен тағы да бас тартылды.

Бас Прокурордың наразылығы бойынша Жоғарғы Соттың 11.04.2024 ж. қаулысымен сот актілерінің күші жойылды, әкімдіктің қаулысы заңсыз деп танылды және күші жойылды.

Сондай-ақ 16.05.2019 ж. СЖҚАД «Венера» БС төрағасы А.Б.Сарбалинаның арызы бойынша «Венера» аумағында бау-бақша өсіру үшін жеке тұлғаларға 52 жер учаскесін беру кезінде Орал қаласы әкімдігі қызметкерлерінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану фактісі бойынша Қылмыстық кодекстің 362-бабы 4-бөлігі 3) тармағы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаны анықталды.

02.05.2022ж. осы қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне немесе қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиянның болмауына және қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

Бас прокуратура қабылданған шешіммен келісті.

Бұл ретте, Батыс Қазақстан облысы прокуратурасы тарапынан жер учаскелерін заңсыз беруге байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің басында СЖҚАД-ның негізсіз бас тарту фактілері анықталмағанын атап өтеміз.

2021-2023 ж. жерді заңсыз беру фактілері бойынша 5 сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілді (2021ж. прокурорлар – 1, 2022ж. СЖҚАД – 1, 2023ж. - 3 (прокурорлар – 2, СЖҚАД - 1).

Сотқа 2 қылмыстық іс жіберілді (прокуратура істері бойынша), 3-еуі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды (СЖҚАД – 2, прокурорлар - 1).

Атырау облысының Құлсары қаласында су басуға бейім жерлерді берудің заңдылығы мәселесі бойынша аумақтық прокуратура да тексеру шараларын бастады, нәтижелері бойынша құқықтық бағалау берілетін болады.

Жалпы мұндай жұмыс барлық зардап шеккен өңірлерде су қорғау аймақтары мен белдеулерінде заңсыз беру, жерді өз бетінше иемдену және т.б. фактілерді анықтау үшін жүргізілуде.

БҚО Бәйтерек ауданы прокуратурасының талап арызды қайтарып алуына қатысты

Бәйтерек ауданы әкімдігінің 12.10.2012 ж. қаулысымен «Е.В. Лихачев» ШҚ басшысына ауыл шаруашылығы мақсатындағы мұқтаждықтар үшін жалпы ауданы 645 га жер учаскелері берілгені анықталды.

Бұл ретте, учаскелер Жер кодексінің 48-бабының талаптарын бұза отырып, сауда-саттық өткізбей берілген.

Бұл фактіні Жер ресурстарын басқару департаменті анықтады, нәтижелері бойынша осы Департаменттің ұйғарымы негізінде 2022 жылы Бәйтерек ауданының әкімдігі мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа жер учаскесін жалдау шартын бұзу туралы талап арыз енгізді.

Соттың 04.10.2022 ж. шешімімен талап қою мерзімінің өтуіне байланысты талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды, апелляциялық сатыдағы соттың 21.12.2022 ж. қаулысымен шешім күшінде қалды.

2023 жылғы тамызда осы негіз бойынша Бәйтерек ауданының прокуроры МАЭС-ке Бәйтерек ауданының әкімдігі мен «Е.В. Лихачев» ШҚ-ға қатысты талап арызбен жүгінді.

Алайда кейіннен шаруа қожалығы басшысының аудан прокурорының әрекетіне облыс прокуратурасына шағымдануына байланысты талап арыз алынып тасталды.

Талап қою мерзімінің өтуі туралы жоғарыда аталған сот актілерінің қорытындыларынан басқа (жер берілген сәттен бастап 14 жыл өтті) облыс прокуратурасы фермердің учаскені нысаналы мақсаты бойынша пайдаланатынын, адал жер пайдаланушы болып табылатынын (бидай, күнбағыс өсірумен айналысады, шамамен 150 бас ІҚМ, 12 ауыл шаруашылығы техникасы атауы бар, 8 адам жұмысқа орналастырылған) назарға алды.

Б. Асылов

орынд. Б. Мұқашев
71-26-64